

Ащысай ауылы әкімі аппаратымен атқарылған жұмыстары мен 2019 жылы өкімдер және шешімдерді қабылдау барысында заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген ішкі талдау туралы АНЫҚТАМА

Кентау қаласы

20 желтоқсан 2019 жыл

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабында белгіленген құзыреті шегінде және ауыл әкімі аппаратының Ержесіне сәйкес, Ащысай ауылы әкімі өкім және шешім түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Ауыл әкімінің шешімдерін, өкімдерін тіркеу журналы тігіліп, мөрмен бекітілген. Жыл басынан 13 шешім, 112 өкім қабылданған.

1. Қабылданған өкімдер мен шешімдерге құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:

- «Ащысай ауылы әкімі аппаратының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасын бекіту туралы» өкімдерінде (09.01.2019 жылғы №1, 23.01.2019 жылғы №10 т.б.) және осы өкімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өкімдерінде де (09.01.2019 жылғы №3 т.б.) енгізілген өзгерістер туралы қосымшалары тіркелмеген.

- «Ащысай ауылы әкімі аппаратының «2019 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 қаңтардағы №4 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» өкімдерімен (15.02.2019 жылғы №15, 28.02.2019 жылғы №19 т.б.) жоспар бекітілген №4 өкіміге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін делінгенімен қандай өзгерістер енгізілгені көрсетілмеген. Сондай-ақ өкімнің преамбуласында құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе күшін жою нормасы белгіленген «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сілтеме жасалмаған.

- «Комиссия құру туралы» ауыл әкімінің 29.03.2019 жылғы №30 өкімімен ауылдағы Момышұлы және Жангелді көшелерінің жарық көздерін орташа жөндеу жұмыстарының толық аяқталуына байланысты, жұмысты қабылдау үшін комиссия құрамы бекітілген. Өкімнің преамбуласында «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сілтеме жасалған. Алайда, аталған заңдағы қабылдау және жұмыс комиссиялары туралы, пайдалануға қабылдайтын объектілері туралы және мемлекеттік қабылдау комиссиясы туралы 76, 77, 78-баптары ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен алып тасталған. Дәл осындай жағдай, ауыл әкімінің «комиссия құру туралы» 08.10.2019 жылғы №88 өкімінде де орын алған.

- Ауыл әкімінің «Коммуналдық меншік туралы» 30.07.2019 жылғы №63 өкімінің преамбуласында Кентау қаласы әкімдігінің 24.07.2019 жылғы №378 қаулысына сілтеме жасалғанымен қаулының атауы жазылмаған.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 5-тармағының 1) тармақшасының талабына сәйкес, жеке-дара қолданылатын құқықтық акт деректемелерінде құқықтық актінің атауын қамтуға тиіс.

Көрілген тәртіптік жауапкершіліктер бойынша:

Ауыл әкімі аппаратының бас маманы есепшісі А.Гайбуллаеваға 2016-2020 ж.ж. аралық қаржылық бақылау тексеру барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 20.12.2019 жылғы №112 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

2. 2019 жылдың 11 айында ауыл әкімі аппараты талапкер немесе жауапкер ретінде 1 азаматтық іс бойынша сот отырыстарына қатысқан:

- Талап қоюшы «Ащысай ауыл әкімінің аппараты» ММ-сі тарапынан жауапкер «Көкше Строй плюс» ЖШС-не 31.10.2016 жылы №31 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт негізінде кепілдемені міндеттеу туралы сотқа талап арыз берілген. Сот барысында 09.02.2019 жылғы орындалған жұмыстарды қабылдап алу туралы акті болуына байланысты, Түркістан облысының амамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11.02.2019 жылғы №5165-18-00-2/7863 шешімімен талап арыз қанағаттандырудан бас тартылған.

3. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокуратура, басқа да құзырлы органдар тарапынан ұсыныстар мен наразылықтар басқа да қадағалау актілері бойынша:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен бюджет қаржыларының жұмсалыуына және 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізілген. 07.11.2019 жылғы аудиторлық есепке сәйкес, жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында 4 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталған. Атап айтқанда:

- Кентау қаласы «Ащысай ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің 2018-2020 жылдарға арналған жалпы сомасы 48453,0 мың теңге құрайтын (бастапқы) №1, 2, 3 қосымшалардан тұратын бюджеттік бағдарламалары, мекеме басшысының №1 бұйрығымен 08.01.2018 жылы бекітілген. Бұл ретте, ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2014 жылғы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттіу бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалараның және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» 4 тарау 24- тармағындағы талаптар сақталмаған.

- 2018, 2019 жылдарға арналған Бюджеттік бағдарлама бекітілгеннен кейін ол күнтізбелік 3 күн ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің веб-сайтында орналастырылмаған ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2014 жылғы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттіу бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалараның және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» 28- тармағындағы талап сақталмаған.

- Кентау қаласы «Ащысай ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің 2019-2021 жылдарға арналған жалпы сомасы 66438,0 мың теңгені құрайтын

(бастапқы) №1, 2, 3 қосымшалардан тұратын бюджеттік бағдарламалары, мекеме басшысының №1 шешімімен 16.01.2019 жылы бекітілген Бұл ретте, ҚР Ұлттық эконоимка министрінің 30.12.2014 жылғы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттіу бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалараның және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» 4 тарау 24- тармағындағы талаптар сақталмаған.

- Электр қуатына және байланыс қызметіне алдын ала төлем жасау есебінен 116,4 мың теңге дебиторлық қарыз, ҚР Қржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ержесінің» 178-тармағының талаптары бұзылған.

Жоғарыда аталған кемшіліктерге жол бергені үшін ауыл әкімі аппаратының бас маманы есепшісі А.Гайбуллаеваға «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 20.12.2019 жылғы №112 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

4. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау барысында қолданыстағы заңнамалық актіде белгіленген мерзімінен кешіктіріп жолдау жағдайлары орын алмаған.

5. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірқатар іс-шаралары тиісті деңгейде атқарылмаған.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды ауыл әкімі мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлық тәуекелдеріне жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу;

2. Құқықтық актілерді (өкім, шешімдер) дайындау барысында заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;


3. Аппарат мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;

4. Тәртіптік жауапкершіліктерді қарау, жұмыстан босату, еңбек ақыны төлеу барысында еңбек заңнамасының талаптарын, басқа да заңнамалық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

5. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы

орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы сапалы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.

6. Ішкі талдау нәтижесімен анықталған кемшіліктерге жол берген аппараттың жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігін қарауды.

Таныстым :  Ащысай ауылының әкімі Ш.Алиханов


«20» 12 2019 жыл

Қала әкімі аппаратының басшысы,
жұмысшы топ төрағасы



Ғ.Көшікбаев

Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының заң және
құқық қорғау органдарымен жұмыс
жүргізу бөлімінің бас инспекторы



С.Ажығабылов

